

ның себебін зерттеу және оған қызығушылықты арттыру үшін университет оқытушыларының оқушыларға арналған кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізудің әдістемелері олардың сапасын арттыру бойынша құнды пікірлерін алға тартты. Сонымен қатар, ҚазҰУ-де PhD докторантураға қабылдау шарттарын және осы университет аясында болашақ мамандарын Қазақстанның басқа да аймақтары үшін мақсатты дайындау мәселесін қарастырды.

Конференцияның қорытынды бөлімінде екі университет арасында студенттердің білімділік үтқырлығы, оқытушылардың біліктілігін арттыру, студенттердің өндірістік практикаға алмасуы сияқты бірқатар маңызды мәселелері талданды.

Екі университет арасында өткізілген онлайн - әдістемелік конференция екі жақтың қызығушылығын өзіне тартты. Жалпы, осындай онлайн -конференцияларды арқылы республикамыздың барлық маңызды жоғарғы оқу орындарымен ұйымдастырып, оқытушыларды дайындап жүрген студенттерді бірыңғай бағдарламамен, жүйелі түрде сабақтасып оқыту өзіннің үлкен нәтижесін берері анық.

Республикамыздан қашық орналасқан Шығыс Қазақстан университетінің оқытушы - профессор құрамы конференцияның соңғы бөлімінде осындай ашық, кадрларды дайындау, оқытуға сапалы білім беру сияқты мәселелі өткір тақырыптарды қозғап, өз еліміздегі оқу мәселелерді шет елдіктермен емес, өз отандастарымен шешуді жөн көрген, көп тарапты шешу жолдарын талқылауға мүмкіндік берген ҚазҰУ ұжымына үлкен алғыстарын білдірді.

Бұндай форматтағы конференция – кафедра үшін ұйымдастырылған алғашқы тәжірибелі мәселік конференция болғанына қарамастан, онлайн байланыстағы пікір алмасу бір сағатқа созылып, мазмұнды, көркем, мағыналы және тартымды болып өтті. Болашақта осындай басқа университеттердің жас ғалымдары мен профессор құрамының бірлескен онлайн - конференцияларын ұйымдастырып, өткізу жоспарда бар.

Қойбақова А.С., Ахметбек Г.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Бұл мақалада қытай тілін оқытуда қолданылатын тапсырмаға негізделген әдістеме жайлы сөз қозғалды. Мақалада тапсырма түрлеріне, срекшеліктеріне жаттығудан айырмашылығына мыналар мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: тапсырма, коммуникативті, интерактивті

В этой статье рассматриваются методы преподавания китайскому языку на основе задач. Подробно излагаются виды и особенности задач, и приводятся примеры.

Ключевые слова: задача, коммуникативный, интерактивный

This article discusses the methods of teaching the Chinese language-based tasks. As well as the types and characteristics of tasks and leading examples.

Keywords: task, communicative, interactive

Коммуникативті оқыту әдісі ХХ ғасырдың 70 жылдарында бой көтерген коммуникативтік қабілетті жетілдіруді қадағалайтын тіл оқыту әдістемесі болып табылады. Коммуникативті оқытуда білім беру — оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және жазба (жазып оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қатынасын қалыптастыру деген сөз. Оның негізгі идеясы тілді оқушылардың мағынаны ақпаратты жеткізуде тілді оқып үйрену болып табылады. Мұның екі түрлі тәсілдері бар, ол біріншіден, мағынасын жеткізу (бірақ бұл тілдік жаттығулар түрінде емес) және ақпарат жеткізу (бірақ ақпараттардың қайталануын емес). Мақсатты оқыту қызметі үйренушілердің үйренуге қызығушылығын арттырып, олардың жігерлерін арттырып, үйрену өнімділігін күшейтеді. Екіншіден, мағынасын бейнелеу және ақпаратты ақпараттан тыс үйрену қимылы үйренушілермен шынайы түрдегі қарым- қатынас жасауға ықпал етеді. Сондықтан, үйренушілердің шынайы түрдегі қарым-қатынас жасау қабілеті

мен шынайы қарым-қатынас ортасындағы жүргізіліп келген тілдік қабілеттің қалыптасуы тиімді жағдай туғызады.

Тапсырма формасындағы тілдік оқыту міндетті оқыту әдістемесі деп те атап коммуникативтік теория аясында дамып келеді. Оқытудың бұл әдістемесі коммуникативтік тілдік формасы, үйрену формасы секілді маңызды оқыту идеясы болып табылады. «Термині ең алғаш тілдік қарым-қатынас барысында қолдана бастаған. Сонымен қатар оқыту әдісі одан ары теорияға және өзара алмасу теориясы секілділерге сипаттау теорияның ықпалына ұшырап отырады[1, 18].

Бұл тұста студенттердің шын мәнінде ой пікірін білдіруі мен ақпараттарды қандай түрдегі қызмет тиімді болады деген сұрақ туындайды. Біріншіден, үйрену шын мәніндегі, өзара қарым қатынасы үйренушілердің ой пікірін білдіруі мен жеткізуіне ең тиімді болмақ деген. Осы қызмет барысында көптеген оқушылар мол ақпарат игереді. Олардың барлығы басқалардан өздері білмейтін ақпараттарға ие болып отырады. Ақпараттарға ие болу үшін олар тапсырма түрінде өзара қарым-қатынас жасайды. Байланыс жасау барысындағы бастысы мақсаттары маңыздылығын көрсету, бірақ жаттығулар формасында болмайды.

«Тапсырма» термині де қолданыс барысында туындай отырып, коммуникативтік әдістеме барысындағы маңызды ұғымға айналды. Тапсырманың тілдік формасы бар болып, әрі дами келе тілдік әдістеме негізіне айналады.

XX-ғасырдың 80-жылдарының орта шенінен бастап, тіл білімі ғалымдары коммуникативтік оқыту әдістемелері жайындағы түйіндемелері тапсырманы зерттеу бастап тапсырманың екінші тілді оқытудағы ролін зерттей бастады. Бұл жылдарда Крашен (Krashen) теориясы екінші тілді игерудегі зерттеулердің бастамасы болды. Крашен бойынша екінші тілді игеруші әріптерді теруді игерсе, екінші тілді меңгеруіне жол ашылады деп саналады. Ал басқа да ғалымдар өздерінің бұған қайшы пікірлерін ұсынған. Мис (Swain 1985) екінші тілді оқушылар тілдерді игеруге қабілетті бола тұра, оны табысты шығуына кепілдік жоқ деген пікірді алға тартады. Ал Лун (Long 1985) тілді меңгеру кіру амалдары және шығу амалдарының жеткілікті болуына байланыстылығын аңғартып [129].

Тапсырмаға негізделген тілдік оқыту әдісінің артықшылықтары көп. Негізделген тілін оқыту әдістерінің қайнар көздерінің басқа оқыту әдістерімен салыстырғанда айқын артықшылығы бар. Оның теориялық зерттеулер тіл білімін зерттеу процесімен тікелей байланыста. Осылайша, тапсырмаға негізделген әдістеме білім барысындағы тілді оқытудың теориялық және практикалық тарихында оқытудың болып табылады.

Коммуникативтік тілдік оқытуда тапсырма ойды жеткізудегі маңызды шара «тар мағыналы тапсырма» және «кең мағынадағы тапсырма» болып бөлінеді. Тапсырма тек кейбір коммуникативтік мақсат үшін тіл қызметін пайдалану болса тапсырма тілдік емес нәтижелі болуы тиіс. Кең мағынадағы тапсырманы коммуникативтік тапсырмалар және оқыту тапсырмалары деп бөлуге болады. Мазмұны тілді негізгі оқыту қызметі болады.

Тапсырманың екі түрі бар, олар нақты және оқыту тапсырмалары. Нақты тапсырма өмірлік тапсырмалардан тұрады немесе өмірде кездесетін түрлі жағдайлар болса тапсырма. Мысалы, оқушының сабақтан тыс оқуда, өмірде, қызметте кездестіретін түрлі жағдайлар ішіне әуе билеттеріне тапсырыс беру, хат жазу, картадан мақсатты жерді таңдау, нөмірлерін іздеу, ауа райы болжамдарын тыңдау, т.б.

Ғалымдар тапсырмаға негізделген оқыту әдістері шынайы түрде орындалмаған тапсырмасының барысында оқушылар қабылдауға, ақпаратты беруге, жеткізуге, сол өз көзқарастары мен пікірлерін білдіру қажет. Сондықтан бұл тапсырмалар процесін жетілдіруге көмектеседі.

Оқыту тапсырмаларының бірнеше түрлері бар:

1. Мозаикалық тапсырмалар (Jigsaw)
2. Ақпараттық тапсырма (ақпараттық - алшақтық тапсырмалар)
3. Мәселелік тапсырма (мәселелерді шешуге арналған)
4. Мәселені шешуші тапсырма (шешім қабылдау тапсырмалары)
5. Пікір алмасу тапсырмалары

Тапсырмалар сонымен қатар қарапайым және күрделі болып келеді.

Қарапайым тапсырманың бірнеше ерекшеліктері бар, әдетте тек 1-2 ғана мүмкіндіктердің ауы; үйренушілерге жеткізілетін ақпараттың қарапайымдылығы мен нақтылығы; қажетті тілдік білім мен тілдік дағдылардың қарапайым пайдалану қажеттілігі; қысқа уақыт ішінде оқуға мүмкіндігі т.б..

Мысалы:

Бірінші тапсырма: дыбысталған мазмұн негізінде ондағы сыйлық түрлері мен оған сәйкес оқу мүшелерін тап.

Екінші тапсырма: Анықтамалық байланыс. Топтағы студенттерден аты жөнін, мекен-орны мен телефон нөмірлерін сұраңыз.

Күрделі тапсырманың ерекшеліктері:

1. әдетте бірнеше кадамдардан тұрады;
2. әдетте студенттерден шағын топта, тіпті жеке бөлініп жұмыс жасау талап етіледі;
3. түрлі ақпарат қабылдау, сондай-ақ ақпаратты өңдеу, талдау қажеттілігі;
4. бірнеше тілдер мен тілдік дағдыларға қатысты болуы мүмкін;
5. әдетте 20-30 минут немесе одан ұзағырақ уақыт талап етіледі.

Күрделі тапсырмалар бірнеше қарапайым тапсырмалардан құралады. Бірнеше тапсырмалар арасында байланыс болады, алдыңғы тарсырма кейінгі тапсырмаға дайындық қарастырады. Мысалы:

1. шолу және ауа - райына байланысты мәлімдемелер жасау;
2. ауа райы өзгерістеріне қарапайым сипаттама беруді үйрену;
3. түрлі маусымдарды қарапайым түрде сипаттауды үйрену.

Қарапайым іс- қимыл тапсырмасы:

«Төмендегі суреттерге қарап, солтүстік Қытайдың төрт мезгіліндегі ауа райының сипаты туралы айтуға тырысыңыз, сөздік қоймадағы иероглифтар сізге көмектесе алады. Сөздік қойма: жылы (暖和), салқын (凉快), ыстық (热), суық (冷), жұқа (薄), қалың (厚), желдің соғуы (刮风), қар жауу (下雪)» [2, 142].

Топтық іс қимыл тапсырмасы:

«Бірінші топ көктем, жаз, күз және қыс мезгілдері болып бөлініп, төмендегі төрт аспекті бойынша әрбір мезгілдің ерекшелігін жеке дайындайды».

1. Ауа райы;
2. Табиғат көрінісі;
3. Тамақтану;
4. Көңіл көтеру.

Қайта топталып, көктем, жаз, күз және қыс төрт адам болып қайта бөлінеді. Осы төртеуін талқылайды.

Жұптасып орындалатын тапсырмалар:

«Төмендегі кестені пайдалана отырып дайындалыңыз. Содан соң серіктесіңізден оның жерінің ауа райы туралы сұраңыз»

«Екеуіңіз бірге өз туған жерлеріңіздің қандай ерекшеліктері бар екенін салыстырып, ұқсастыққа таныстырыңыз»

Дамытушылық тапсырмалар: 3 студент бір топқа бірігіп, пікірлерін білдіру.

«Бір қытайлық сіздің елге саяхаттап келгісі келеді. Оның қаңтар, мамыр, тамыз және қыркүйек айларында уақыты бар. Ол қай айда барса ең керемет мезгіл болатынын білгісі келеді. Оған саяхат уақытын ұйымдастыруға көмектесіңіз және неге бұл жолы баруға тиіс екенін аңыз. Оған қандай киім және заттарды өзімен бірге алып келу қажеттігін түсіндіріңіз. Сөздік қойма: алып жүру (带), (穿) кию, (又) тағы, (有时候) кейде» [2, 150].

Рөлдік ойындардың артықшылықтары көп. Ол студенттердің тілді пайдалануына мүмкіндік береді, сондай-ақ өмірлік тәжірибені бастан өткізуге, коммуникативті әрекеттіктерді жүзеге асыруға көмектеседі. Басты назар аударатын мәселе, студентке тиісті тапсырмада еліктеуден аулақ болу керек, себебі еліктеу процесінде жиі қарым - қатынас тілдің көрінісі болып табылады.

Тапсырма мақсаты - бағытталған сыныптағы коммуникативтік немесе интерактивті әрекетімен өзара байланысты мәселелер тобының шешім ақпарат түсінуді, өңдеу қатысуымен мәселе асырылады мақсатты, тілді үйрену қосымшасы тілін үйренушілерге ықпал, немесе мәселені шешу үшін болуы тиіс шетел тілі аудиториялық.

Тапсырма мен жаттығулар айырмашылығына келсек,

- тапсырма мақсаты екі сипатқа ие. Бірінші, тапсырма оқытушылық және оқытушылық емес мақсаттардың болуы. Ал жаттығуда тек қана оқытушылық мақсат қана болады;

- Тапсырмада көп жағдайда тілдік емес нәтижелер көрініс табады, ал жаттығуда әрқашан тілдік нәтижелер көрсетіледі;

- Тапсырмада коммуникативті және интерактивті әдістер қолданылады. Бұл әдістер көбінесе студент пен студент, студент пен оқытушы, студент пен материал арасында жұптасып немесе көп жақты жүзеге асырылады;

- Тапсырма орындауда ұжымдық, серіктестік іс шаралар мен қимылдар жасалады.

Тапсырманың құраушы элементтері:

1. Мақсаты. Күнделікті өмір мен жұмыс барысындағы міндеттер секілді, оқытуда да ең алдымен мақсаты болады. Ол неғұрлым нақты сипатта болуы тиіс.

2. Мазмұны. Тапсырманың бұл элементін жай ғана бір сөзбен жеткізуге болады. Ол «не істеу». Тапсырманың мазмұны дәріс барысында көрсетіледі.

3. Тәртібі. Студенттің тапсырманы пайдалану мен орындау бойынша белгілі бір дәрежеде, процесіне қатысатын аяқтау үшін қадам «қалай істеу керектігін». Бұған белгілі тапсырманы орындаудағы орын, тәртібі, уақыты т.б. кіреді.

4. Қолдану материалдары. Бұған тапсырманы орындау барысында қолданылатын барлық материалдар жатады.

5. Оқытушылар мен студенттердің рөлі. Тапсырманың барлығында оқытушылар мен студенттердің нақты рөлі болуы маңызды емес, бірақ тапсырма жанама болады немесе оқытушы мен студенттің сипаттамаларын көрсету үшін қолданылады. Студенттерге арналған нақты айқындалған рөлдер де қарастырылуы мүмкін.

6. Сценарийлер. Аудиториялық тапсырмаларды ұйымдастыруға қолданылатын сценарийлер элементі, ауызша байланыс түрғыда, оның ішінде қоршаған ортаны немесе жағдайларын орындау туындайтын тапсырмалар жатады. Тапсырманы жобалау, тіл мен мәнмәтін арасындағы қарым-қатынастардың студенттердің білімін жақсарту үшін қажетті.

Тапсырма әдіс, құрал, форма болып табылады. Ол мазмұн немесе мақсат емес. Бірақ тапсырманы пайдалана отырып, дәрістің өнімділігін арттыра аламыз. Үйренушілерге шынайы орта, мақсатты жүзеге асыратын мәселені шешуге мүмкіндік алып келеді. Сондықтан тапсырма тілді оқытуда қарапайым тілдік жаттығулардан арылып, мағыналы, тілдік қолданбалы, коммуникативті мақсатты тілдік тәжірибе болып табылады [3, 87].

Тапсырмалар арқылы студенттердің қытай тілінде сөйлеу қабілеттерін арттыру мәселесі шешіледі және диалогтық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар студенттердің қытай тілінде сөйлеу қабілеттерін арттыру үшін түрлі топтық немесе жұптық тапсырмалар беріп, әрбір студентке жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етіп, бірігіп жұмыс жасату бойынша білім деңгейлері төмен студенттер үлгерімі жоғары студенттермен кеңесіп жұмыс жасауына жағдай жасалады. Ондай болса студенттердің пәнге деген қызығушылығы, бөсекелестік сезімі негізінде студенттердің білуге құштарлықтары артады.

Қорыта келе студенттердің коммуникативті және кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында тапсырмаға негізделген оқыту әдістемесі арқылы білім беру тиімділігін айтқан жөн. Әр сабақты түрлендіріп өткізу студенттердің білім деңгейін көтереді, қажетті білім алуға, біліктерді қалыптастыруға жағдай жасалынады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. 程晓堂: 《任务型语言教学》, 高等教育出版社, 2004.
2. 程克拉、刘开浸: 《中学英语任务型—教学理念与教学示例》, 华南理工大学出版社, 2005.
3. 程克拉: 《任务型外语学研究》, 广东高等教育出版社, 2006 年.



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ЖАҢҒЫРТУ: АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ
КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»
46-ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14-15 қаңтар 2016 жыл

1-кітап

**МАТЕРИАЛЫ
46-й научно-методической конференции
«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ПРОГРАММ: АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»**

14-15 января 2016 года

Книга 1

Алматы 2016

58	Сапарходжаева Н.П., Камзина А.А. Организация индивидуальной работы на занятиях по иностранному языку в вузе	229
59	Ким А.М., Садыкова А.Т., Камзанова А.Т., Айдосова Ж.К. Соотношение теоретико- ориентированного и практико-ориентированного обучения в образовательной программе по специальности «Психология»	231
62	Кудреева Л.К., Шалдыбаева А.М., Мусабекова А.А., Абилова М.У. Подготовка специалистов для редкометальной отрасли в рамках программы инновационного развития Казахстана	233
65	Купешова Б.К. Практико-ориентированное обучение как гарантия качества подготовки кадров специальности «Финансы»	236
69	Қабылғазина К., Әлім Ә. Оқытудың тәжірибелік-бағдарлық тәсілі	240
71	Казаков Ю.В., Тулепов М.И., Хамзина Б.С., Уалиев Ж.Р., Тулепова С.И. Практикоориентированное обучение магистрантов в рамках подготовки кадров по программе ГПИИР-2	243
73	Қалымбетова Э.К., Шадыманова Ж.Ә. Болашақ кадрларды даярлау барысындағы еңбек етудің тұлғалық ерекшеліктерінің психологиялық астарлары	245
76	Қалыш А.Б. Қазақ халқының дәстүрлі нормативтік мәдениеті хақында	248
79	Қанаев Ә.Т., Кегенова Г.Б., Сапарғалиева Н.С. Жоғарғы оқу орындарында биология саласындағы мамандарды дайындау мәселелері бойынша онлайн конференциясын ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі	251
84	Қойбақова А.С., Ахметбек Г. Қытай тіліндегі тапсырма түрлері мен оларды оқыту әдістері	253
86	Құрманбаева А.Ә.,Әбдиева Р.С. Электронды оқулықтың тиімді тәсілдері	257
89	Мажренова Н.Р., Нұғыманова А.О. Информатизация образовательного процесса в университете, направленная на управление знаниями	261
92	Малмакова А.Е. ЖОО-да білімді бақылау мен бағалаудың маңызы	263
95	Мамаева М.Қ. Тест арқылы бақылаудың артықшылықтары	266
98	Мамырбекова Г.А. Вопросы совершенствования методической деятельности в условиях модернизации образовательных программ	269
100	Масалимова А.Р., Рогалева Л.Н., Койбағарова Д.К., Ким А.М., Айдосова Ж.К., Хон Н.Н., Садыкова А.Т. Концепция превосходства и ее значение для реализации образовательных программ в высшей школе	272
104	Матакова Р.Н. Динамика интеграции Казахстана в Европейское образовательное пространство	276
107	Матакова Р.Н., Тасибеков Х.С., Кудреева Л.К. Адаптация образовательного процесса к условиям производства	279
111	Маульшариф М. Проектирование учебных программ на основе результатов обучения (learning outcomes)	281
114	Маусумбекова С.Д. Интеграция образования, науки и бизнеса – путь к повышению инновационного потенциала экономики страны	286
117	Мейрбаев Б. Б., Файзуллина А.К. Организация обучающего семинара по профилактике экстремизма в рамках курсов повышения квалификации для учителей-религиоведов.	288
121	Мейрманова Г.А. Студенттердің білімін бағалау мәселелерінің әдістемелік негіздері	291
123	Мулдағалиева А.А., Окушева Г.Т. The Importance of Selection of Appropriate Testing Tasks in English Language Proficiency Evaluation	294
126	Мунасбаева К.К., Тулепов М.И., Спанова Г.А., Тулепова С.И. Модернизация образовательных программ для гарантии качества подготовки кадров в соответствии с целями ГПИИР-2	297
129	Мунасбаева К.К., Ким Д.С. Кредитная технология обучения: опыт и результаты внедрения в образовательную систему по безопасности жизнедеятельности и защиты окружающей среды Республики Казахстан	300
131	Мысаева Қ.Н. Қоғаммен байланыс мамандарын дайындаудың шетелдік тәжірибелері	303
134	Алиева Б.М. Современные возможности прохождения профессиональной практики и условия формирования ее базы	305